И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп лицей

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
Б. Дуйсенбаев
«31» тамыз 2026 ж.

2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

ТӘЛІМГЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында

Қызылорда, 2026

ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС

Айына екі рет, бекітілген жеке жоспарларға сәйкес: «Таза Қазақстан – таза мектеп» экологиялық акциясы; ЖҚЖИ жол қауіпсіздігі рейді; «Заң және тәртіп» профилактикалық рейді; «Қауіпсіз мектеп» акциясы; буллингтің алдын алу жұмысы.

ҚЫРКҮЙЕК. Ай құндылығы: «Еңбекқорлық және кәсібилік»

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
01.09.2026	«Қазақстан Республикасының Конституциясы: адал азаматты, зияткер ұлтты және жауапты қоғамды қалыптастырудың негізі» тақырыбындағы Білім күніне арналған салтанатты іс-шара.	Әкімшілік, тәлімгер, Мектеп парламенті	Сценарий, фото
01.09.2026	«Қазақстан Республикасының Конституциясы: адал азаматты, зияткер ұлтты және жауапты қоғамды қалыптастырудың негізі» бірыңғай сынып сағаты.	Сынып жетекшілері, тәлімгер	Әзірлеме, фото
1–2 апта	Балалар ұйымдарының құрамын нақтылау және Мектеп парламенті сайлауына дайындық.	Тәлімгер	Тізім, сайлау жоспары
4 апта	Ұстаздар күні мен өзін-өзі басқару күніне дайындық: міндеттерді бөлу, сценарий мен безендіруді бекіту.	Тәлімгер, Мектеп парламенті	Дайындық жоспары
Соңғы жұма	Мектеп парламентінің №1 және «Жас Ұлан» ұйымының №1 отырыстары.	Тәлімгер	Хаттамалар

ҚАЗАН. Ай құндылығы: «Тәуелсіздік және отаншылдық»

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
02.10.2026	Ұстаздар күні және мектептегі өзін-өзі басқару күні.	Тәлімгер, Мектеп парламенті	Сценарий, фото
2–3 апта	Мектеп парламенті президентін сайлау және парламент құрамын бекіту.	Әкімшілік, тәлімгер, сайлау комиссиясы	Хаттама, бюллетеньдер
2–3 апта	Республика күніне және «Жас Ұлан», «Жас Қыран» қатарына қабылдауға дайындық.	Тәлімгер, «Жас Ұлан», Мектеп парламенті	Жоспар, сценарий

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
23–24.10.2026	Республика күніне арналған патриоттық іс-шара және «Жас Ұлан», «Жас Қыран» қатарына қабылдау	Тәлімгер, «Жас Ұлан»	Сценарий, фото, тізім
Соңғы жұма	№2 қорытынды отырыстар: сайлау нәтижелері, міндеттерді бөлу.	Тәлімгер, ұйым көшбасшылары	Хаттамалар

ҚАРАША. Ай құндылығы: «Әділдік және жауапкершілік»

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
1 апта	«Адалдық – жауапты таңдаудан басталады» құқықтық сағаты»	Тәлімгер, «Адал ұрпақ»	Әзірлеме, фото
25.11–10.12	«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясына қатысу (жеке жоспар бойынша)	Педагог-психолог, тәлімгер	Анықтама, фото
3 апта	«Қамқор» еріктілер акциясы	Еріктілер фракциясы	Фотоесеп
4 апта	Тәуелсіздік күні мен жаңа жылдық іс-шараларға дайындықты бастау. / Начало подготовки ко Дню Независимости и новогодним мероприятиям.	Тәлімгер, Мектеп парламенті / Вожатый, Школьный парламент	Жоспар, міндеттер / План, распределение обязанностей
Соңғы жұма	Мектеп парламентінің №3 және «Жас Ұлан» ұйымының №3 отырыстары	Тәлімгер	Хаттамалар

ЖЕЛТОҚСАН. Ай құндылығы: «Бірлік және ынтымақ»

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
1–2 апта	Тәуелсіздік күні мен жаңа жыл мерекесіне дайындық: сценарий, репетиция, безендіру	Тәлімгер, Мектеп парламенті, «Жас Ұлан»	Дайындық жоспары
09.12.2026	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» ақпараттық акциясы	Тәлімгер, «Адал ұрпақ»	Фото, ақпарат
14–15.12.2026	Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік – тұғырым» патриоттық іс-шарасы	Тәлімгер, Мектеп парламенті, «Жас Ұлан»	Сценарий, фото
Соңғы оқу аптасы	«Қауіпсіз қысқы демалыс» акциясы және жаңа жылдық бағдарлама	Тәлімгер, ЖҚЖИ, «Жас құтқарушылар»	Нұсқама, сценарий, фото

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
Соңғы оқу күні	№4 қорытынды отырыстар.	Тәлімгер	Хаттамалар

ҚАҢТАР. Ай құндылығы: «Заң және тәртіп»

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
1 апта	Қысқы демалыстан кейінгі қауіпсіздік нұсқамасы	Тәлімгер, сынып жетекшілері	Нұсқама журналы
2 апта	«Құқығым мен міндетім» құқықтық танымдық ойыны	Тәлімгер, Мектеп парламенті	Әзірлеме, фото
3 апта	«Қамқорлық – ортақ міндет» қайырымдылық акциясы	Еріктілер фракциясы	Фотоесеп
Соңғы жұма	Мектеп парламентінің №5 және «Жас Ұлан» ұйымының №5 отырыстары.	Тәлімгер	Хаттамалар

АҚПАН. Ай құндылығы: «Жасампаздық және жаңашылдық»

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
1 апта	«Қауіпсіз интернет» ақпараттық акциясы	Тәлімгер, медиафракция	Ақпарат, фото
2 апта	«ДосболLIKE: достық пен сыйластық» командалық іс-шарасы	Педагог-психолог, тәлімгер	Әзірлеме, фото
3 апта	«Идеядан іске» оқушылар бастамаларының таныстырылымы	Мектеп парламенті	Жобалар, фото
4 апта	8 наурызға және «Наурызнама» онкүндігіне дайындықты бастау	Тәлімгер, Мектеп парламенті	Жоспар, міндеттер
Соңғы жұма	№6 отырыстар: бастамалардың орындалуын талдау.	Тәлімгер, ұйым көшбасшылары	Хаттамалар

НАУРЫЗ. Ай құндылығы: «Тәуелсіздік және отаншылдық »

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
01.03.2027	«Алғыс айту – парызым» Алғыс айту күніне арналған акция.	Тәлімгер, Мектеп парламенті	Фотоесеп
1–2 апта	Конституция күніне және Наурыз мерекесіне дайындық: сценарий, репетиция, ұлттық безендіру	Тәлімгер, Мектеп парламенті, сынып жетекшілері	Дайындық жоспары

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
15.03.2027	«Конституция – ел бірлігінің негізі» Конституция күніне арналған танымдық іс-шара («Наурызнама» аясында)	Тәлімгер, Мектеп парламенті	Әзірлеме, фото
14–23.03.2027	«Наурызнама» оңкүндігі және Наурыз мерекесі (жеке жоспар бойынша)	Әкімшілік, тәлімгер, сынып жетекшілері	Жоспар, фотоесеп
Соңғы оқу жұмасы	Мектеп парламентінің №7 және «Жас Ұлан» ұйымының №7 отырыстары.	Тәлімгер	Хаттамалар

СӘУІР / АПРЕЛЬ. Ай құндылығы / Ценность месяца: «Еңбекқорлық және кәсібилік / Трудолюбие и профессионализм»

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
02.04.2027	«Кітап – рухани қазына» кітап оқу акциясы	Тәлімгер, кітапханашы	Фото, кітап көрмесі
12.04.2027	«Ғарышқа жол – ғылымнан басталады» танымдық челленджі»	Мектеп парламенті, медиафракция	Бейнеролик
3–4 апта	«Таза аула – таза мектеп» экологиялық сенбілігі және кәсіби бағдар акциясы	Тәлімгер, экология және еңбек фракциялары	Фотоесеп
4 апта	1 мамыр, Отан қорғаушылар күні және Жеңіс күніне арналған іс-шараларға дайындық	Тәлімгер, Мектеп парламенті, «Жас Ұлан»	Жоспар, сценарий
Соңғы жұма	№8 отырыстар: оқу жылының қорытындысына дайындық	Тәлімгер	Хаттамалар

МАМЫР. Ай құндылығы: «Бірлік және ынтымақ»

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
01.05.2027	«Бір шаңырақ астында» Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған фестиваль.	Тәлімгер, Мектеп парламенті	Сценарий, фото
04–09.05.2027	«Ерлікке тағзым» патриоттық іс-шаралар циклі	Тәлімгер, «Жас Ұлан»	Фотоесеп
15.05.2027	«Отбасы – тәрбие бастауы» Отбасы күніне арналған акция	Тәлімгер, еріктілер фракциясы	Фото, анықтама

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
3–4 апта	«Соңғы қоңырау – 2027» мерекесіне және жазғы демалысты ұйымдастыруға дайындық	Әкімшілік, тәлімгер, Мектеп парламенті	Жоспар, сценарий
25.05.2027	«Соңғы қоңырау – 2027» мерекесін ұйымдастыруға қатысу	Әкімшілік, тәлімгер, Мектеп парламенті	Сценарий, фото
Соңғы оқу аптасы	№9 қорытынды отырыстар: жылдық есеп, белсенділерді марапаттау, келесі жылға ұсыныстар	Тәлімгер	Хаттамалар, есеп

МАУСЫМ / ИЮНЬ. Жазғы демалысты ұйымдастыру / Организация летнего отдыха

Мерзімі	Іс-шара	Жауаптылар	Есеп нысаны
Мамырдың соңы – 01.06	Балаларды қорғау күніне және жазғы алаңның ашылуына дайындық	Тәлімгер, тәрбиешілер	Жоспар, сценарий
01.06.2027	«Балалық шақ әлемі» Балаларды қорғау күніне арналған бағдарлама және жазғы алаңның ашылуы.	Тәлімгер, тәрбиешілер	Сценарий, фото
1–5 маусым	Балалардың жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру	Әкімшілік, тәлімгер	Жоспар, қамту
Жазғы алаңның алғашқы күні	«Қауіпсіз жаз» нұсқамасы	Тәлімгер, ЖҚЖИ, «Жас күтқарушылар»	Нұсқама журналы
Маусым айының басы	Спорттық, шығармашылық және экологиялық іс-шаралар (жазғы алаң жоспары бойынша)	Тәлімгер, тәрбиешілер	Фотоесеп

Жоспарды құрастырған тәлімгер: Н.Шарапат

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы: *П.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы: *Қазақстан Республикасының Конституциясы: адал азаматты, зияткер ұлтты және жауапты қоғамды қалыптастырудың негізі*
Форматы: *Салтанатты іс-шара*
Жауапты: *Әкімшілік, тәлімгер, мектеп парламенті*

2026 жылғы 1 қыркүйек күні мектебімізде Білім күніне орай «Қазақстан Республикасының Конституциясы: адал азаматты, зияткер ұлтты және жауапты қоғамды қалыптастырудың негізі» тақырыбында салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларға Қазақстан Республикасының Конституциясының маңызын түсіндіру, олардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік, азаматтық жауапкершілік, заңға құрмет және ел болашағына деген сенім қалыптастыру, сондай-ақ білім алуға деген қызығушылығын арттыру болды.

Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен басталып, білім алушыларға жаңа оқу жылына сәттілік тілеген құттықтау сөздер айтылды. Іс-шара барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы, оның қоғам өміріндегі маңызы, азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға Ата Заңның еліміздің тұрақтылығы мен бірлігін қамтамасыз етудегі рөлі туралы мағлұматтар берілді.

Іс-шара барысында адал азамат, зияткер ұлт және жауапты қоғам ұғымдарына ерекше назар аударылды. Оқушылар адалдық, білімділік, еңбекқорлық, отансүйгіштік, жауапкершілік және заңды құрметтеу сияқты құндылықтардың әрбір азаматтың өміріндегі маңызын түсінді. Сонымен қатар, білім мен тәрбие арқылы елдің дамуына үлес қосатын саналы ұрпақ қалыптастырудың қажеттілігі атап өтілді.

Салтанатты іс-шарада оқушылардың жаңа оқу жылына деген қызығушылығын арттыру мақсатында тәрбиелік бағыттағы өлеңдер, патриоттық әндер мен шығармашылық қойылымдар ұсынылды. Білім алушылар өз өнерлерін көрсетіп, туған елге, білімге және мектепке деген жылы лебіздерін білдірді. Іс-шара барысында оқушылардың белсенділігі мен шығармашылық қабілеттері байқалды.

Жиын барысында мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге ерекше көңіл бөлініп, оларға білім әлеміне алғашқы қадам басуларына орай ақжолтай тілектер айтылды. Жоғары сынып оқушылары кішкентай бүлдіршіндерге қолдау көрсетіп, мектеп өміріне бейімделуіне жылы лебіздерін білдірді.

Іс-шара соңында оқушылар жаңа оқу жылында білімдерін жетілдіруге, мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, өз міндеттерін жауапкершілікпен орындауға және елінің дамуына үлес қосатын білімді, тәрбиелі азамат болуға ұмтылатынын білдірді.

Жалпы, «Қазақстан Республикасының Конституциясы: адал азаматты, зияткер ұлтты және жауапты қоғамды қалыптастырудың негізі»

тақырыбындағы Білім күніне арналған салтанатты іс-шара мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті. Іс-шара оқушылардың бойында отансүйгіштік, азаматтық жауапкершілік, заңға құрмет, білімге құштарлық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға оң ықпал етті.



Тәлімгер: **Н.Шарапат**

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы: *П.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы: *Қазақстан Республикасының Конституциясы: адал азаматты, зияткер ұлтты және жауапты қоғамды қалыптастырудың негізі*
Форматы: *Сынып сағаты*
Жауапты: *сынып жетекшілері, тәлімгер*

2026 жылғы 1 қыркүйек күні мектебімізде «Қазақстан Республикасының Конституциясы: адал азаматты, зияткер ұлтты және жауапты қоғамды қалыптастырудың негізі» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының негізгі мақсаты – оқушыларға Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы түсінік беру, Ата Заңның мемлекет пен қоғам өміріндегі маңызын түсіндіру, білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін арттыру және заңға деген құрметін қалыптастыру болды.

Сынып сағаты барысында оқушыларға Қазақстан Республикасының Конституциясы, оның қабылдану тарихы мен негізгі қағидаттары туралы ақпарат берілді. Оқушылар Конституцияның адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз етудегі рөлі жөнінде түсініктерін кеңейтті.

Іс-шара барысында «адал азамат», «зияткер ұлт», «жауапты қоғам» ұғымдарына ерекше назар аударылды. Оқушылар адалдық, әділдік, білімділік, еңбекқорлық, отансүйгіштік және жауапкершілік сияқты қасиеттердің азамат қалыптастырудағы маңызын талқылады. Сонымен қатар, әр азаматтың өз құқықтарын білуімен қатар, қоғам алдындағы міндеттерін де жауапкершілікпен орындауы қажеттігі түсіндірілді.

Сынып сағаты кезінде оқушыларға Конституциядағы азаматтардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты сұрақтар қойылып, пікір алмасу ұйымдастырылды. Білім алушылар өз ойларын еркін жеткізіп, күнделікті өмірде заң талаптарын сақтау, өзгенің құқықтарын құрметтеу және қоғамдық тәртіпті сақтау туралы өз пікірлерін білдірді.

Тақырыпты бекіту мақсатында оқушылар түрлі сұрақтарға жауап беріп, жағдаяттарды талдады. Олар құқық пен міндеттің өзара байланысын түсініп, заңды құрметтеу мен жауапты азамат болудың маңыздылығын атап өтті. Мұндай тапсырмалар оқушылардың сыни ойлау, өз пікірін дәлелдеу және азаматтық көзқарасын қалыптастыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Сынып сағаты барысында оқушылар Қазақстанның болашағы білімді, саналы, адал және жауапты ұрпақтың қолында екенін түсінді. Әр білім алушы өз елінің дамуына білім алу, жақсы тәртіп сақтау, адал еңбек ету және қоғамға пайдалы азамат болу арқылы үлес қоса алатыны туралы ой қалыптастырды.

Жалпы, «Қазақстан Республикасының Конституциясы: адал азаматты, зияткер ұлтты және жауапты қоғамды қалыптастырудың негізі» тақырыбындағы бірыңғай сынып сағаты мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті. Іс-шара оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып,

Конституцияға, заңға, Отанға деген құрметін қалыптастыруға және азаматтық жауапкершілігін нығайтуға оң ықпал етті.



Тәлімгер: **Н.Шарапат**

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы: *П.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы: *Қазақстан Республикасының Конституциясы: адал азаматты, зияткер ұлтты және жауапты қоғамды қалыптастырудың негізі*
Форматы: *Сынып сағаты*
Жауапты: *сынып жетекшілері, тәлімгер*

2026 жылғы қыркүйек айында И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде оқушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру, балалар ұйымдарының жұмысын жүйелеу, мектептің өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру және оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту мақсатында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, «Балалар ұйымдарының құрамын нақтылау және Мектеп парламенті сайлауына дайындық», «Ұстаздар күні мен өзін-өзі басқару күніне дайындық: міндеттерді бөлу, сценарий мен безендіруді бекіту», сондай-ақ «Мектеп парламентінің №1 және «Жас Ұлан» ұйымының №1 отырыстары» бағыттары бойынша ұйымдастыру жұмыстары жүзеге асырылды.

Алдымен мектептегі балалар ұйымдарының құрамын нақтылау және алдағы Мектеп парламенті Президентін сайлауға дайындық жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, оқушылардың балалар ұйымдарына қатысуы, олардың қызығушылықтары мен қоғамдық жұмыстарға белсенділігі сараланды. Әр сыныптан мектеп өміріне белсенді араласатын, жауапкершілігі жоғары, ұйымдастырушылық қабілеті бар оқушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға Мектеп парламентінің мақсаты мен міндеттері, оның мектеп өміріндегі рөлі, оқушылардың өзін-өзі басқаруға қатысу мүмкіндіктері түсіндірілді.

Мектеп парламенті сайлауына дайындық барысында оқушыларға сайлау тәртібі, кандидаттарға қойылатын талаптар және үміткерлердің өз бағдарламаларын таныстыру ерекшеліктері туралы ақпарат берілді. Оқушылардың мектеп өміріне қатысты ұсыныстарын еркін білдіруіне, өз қатарынан көшбасшыларды таңдауға және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуына жағдай жасауға басымдық берілді. Сонымен қатар, парламент құрамындағы комитеттердің бағыттары түсіндіріліп, алдағы кезеңде атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттары белгіленді.

Келесі бағыт бойынша Ұстаздар күні мен өзін-өзі басқару күніне дайындық жұмыстары ұйымдастырылды. Іс-шараларды сапалы әрі жүйелі өткізу мақсатында оқушылар арасында міндеттер бөлініп, әр бағытқа жауапты білім алушылар бекітілді. Оқушылар мерекелік іс-шараның мазмұнын талқылап, сценарий құрылымын қарастырды. Іс-шара барысында жүргізушілерді, шығармашылық нөмірлерді, музыкалық сүйемелдеуді, құттықтау бөлімдерін және ұйымдастыру жұмыстарына жауапты оқушыларды анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар, мерекелік іс-шараның безендірілуіне, көрнекіліктерді дайындауға және мектеп ғимаратындағы мерекелік атмосфераны

қалыптастыруға жауапты оқушылар белгіленді. Өзін-өзі басқару күні барысында оқушыларға белгілі бір ұйымдастырушылық міндеттерді өз жауапкершілігіне алу мүмкіндігі қарастырылып, олардың көшбасшылық, жауапкершілік, шығармашылық және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жоспарланды.

Жұмыстың келесі кезеңінде Мектеп парламентінің №1 отырысы және «Жас Ұлан» ұйымының №1 отырысы өткізілді. Отырыстар барысында жаңа оқу жылындағы ұйымдардың негізгі жұмыс бағыттары қарастырылып, алдағы уақытта жүзеге асырылатын іс-шаралар жоспары талқыланды. Мектеп парламентінің мүшелеріне олардың міндеттері мен жауапкершілігі түсіндіріліп, әр комитеттің атқаратын жұмысына байланысты ұсыныстар айтылды. Оқушылар мектеп өмірін жақсартуға бағытталған өз ұсыныстарын білдіріп, қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуға ниеттерін жеткізді.

«Жас Ұлан» ұйымының №1 отырысында ұйымның жаңа оқу жылындағы жұмысын жүйелі ұйымдастыру, оқушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру, патриоттық, еңбек, мәдени-шығармашылық және әлеуметтік бағыттағы іс-шараларға қатысу мәселелері қарастырылды. Ұйым мүшелеріне жауапкершілікпен жұмыс жасау, мектептің қоғамдық өміріне белсенді араласу, кіші буын оқушыларына қолдау көрсету және мектеп дәстүрлерін сақтауға үлес қосу міндеттері түсіндірілді.

Аталған жұмыстар барысында оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, өз ойын еркін жеткізуге, шешім қабылдауға, жауапкершілікті сезінуге және командамен жұмыс жасауына ерекше көңіл бөлінді. Балалар ұйымдары мен Мектеп парламентінің жұмысына оқушылардың өз еркімен және белсенді түрде қатысуы олардың мектеп өміріне деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік берді.

Жалпы, балалар ұйымдарының құрамын нақтылау, Мектеп парламенті сайлауына дайындық, Ұстаздар күні мен өзін-өзі басқару күніне ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ Мектеп парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымдарының алғашқы отырыстарын өткізу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылды. Аталған жұмыстар оқушылардың өзін-өзі басқару мәдениетін қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға, қоғамдық жауапкершілігін арттыруға және мектеп өміріне белсенді араласуына оң ықпал етті.

Тәлімгер: **Н.Шарапат**